



Ахметов Әлмырза Әмірәліұлы - 18-қазан 1931 жылы туған. Әкесі – Сумбаев Әмірәлі, Анасы – Сумбаева Күлше. Туған жері – Семей облысы Абай ауданы 1942 жылдан бастап тыл еңбеккері 1950-1954 жылы Алматы педучилищесін бітіріп, бастауыш сынып мұғалімі мамандығын алды. 1954 жылы Малайсары мектебінің оқу ісінің меңгерушісі, 1958 жылы Аудандық парткомда қызмет жасады.

Искандирова Марксиана Мухтаровна - 7 қаңтар 1932 жылы туған. Әкесі – Искандиров Мухтар Искандирович, анасы- Сайдашева Рауза Нигматулловна. Туған жері – Семей облысы Жарма ауданы. 1948-1952 жылдары Абай атындағы педучилищесін бітірген. 1952 жылы лаборант, 1953 -1957 жылдары Алматы ҚыздарПИ-ын орыс тілі мен әдебиет мұғалімі мамандығы бойынша аяқтаған. 1957 жылы Малайсары мектебінде мұғалім, Жалтыр мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, 1958 жылы Белогорье мектебінің директоры қызметтерін атқарды.



Өсімханова Рыскен апа

1918 жылы дүниеге келген. Соғыс жылдарында «Большевичка» тігін фабрикасында киім-кешектер тігуге көмектескен. Соғыстан кейін Семей облысы, Жаңа Семей ауданы, Озерка селосында зейнеткерлікке шыққанша ауылшаруашылығында қызмет атқарған. 1959 жылы Семей қаласының жетінші шақырылуында депутат болған. 1979 жылы Көктөбе ауылына көшіп келген.



Қожабеков Бораһ қажы -1932 жылы 1-ші қаңтарда Баянауыл ауданының Торайғыр атындағы кеңшарында әкесі атақты шахтер Қожабеков Алтай мен анасы Қаруза апайдың көп балалы отбасында дүниеге келді. 1962-1992 жылдары Май ауданының Чапаев атындағы кеңшардың астық сақтайтын бөлімінің басшысының орынбасары болып, Киров атындағы кеңшарында агроном, Белогор кеңшарының 1-ші бөлімінің басшысы, 29-шы кәсіптік оқу орының мастері, инспекторы болып жұмыс атқарып еңбек жолын өтті. Қазіргі уақытта зейнеткер.

Асқарова Мәрия қажы - 1936 жылы туған, еңбек жолын 1957 сауда қызметтерінен бастап зейнетке дейін сол салада ерен еңбек еткен.

Мәрия қажы көп балалы батыр ана, күміс алқасы бар, әулеттің ұйтқысы болып, балаларына іс әрекеттің, ұйымшылдықпен татулықтың жолын сызып, үлгісін көрсетіп отырады.

Мәрия қажы апай мен бірге діни деген құлшылық жасап, халыққа адал еңбек етіп, қамқоршысы болып, жастарға тәлім тәрбие ісіне белсенді араласып жүр. Қазіргі уақытта зейнеткер.



Кульжанова Рахима Құсайынқызы

1932 жылы, шілде айының 26 күні. Қарағанды облысы, Қарқаралы ауылында дүниеге келген. 8 сынып оқып бітірген. Орыс тілін еркін меңгерген, жақсы сөйлейді. Ұлы Отан соғысында егістікте қара жұмыс істеген. Картоп, сарымсақ жинап майданға жіберген.



Айткенова Құсни Ембергенқызы

Әкесі Айткенов Емберген Әйткенұлы 1898 жылы дүниеге келген, анасы Айткенова Жаниха 1910 жылы туған. Олар Қашыр ауданында Михайловка колхозында тұрған. Құсни Ембергенқызы Здвинск орталығында орыс орта мектебінде 7 класс бітірді. Әрі қарай Купин қаласында № 80 неміс тілінде оқытылатын орта мектепті тәмамдаған соң Крупская атындағы Семей педагогикалық институтында тарих – филология факультетінде оқыған. Институт бітірген соң Железин ауданы Талапкер орта мектебіне жіберілген. Үш баланың анасы. Жолдасы қайтыс болғасын ағасы Нұрмұхан 1970 жылы Май ауданының Жалтыр совхозына көшіріп әкеледі. 1970-1982 жылдары Жалтыр орта мектебінде дәріс береді. 1982 жылдан бастап Белогорье орта мектебіне ауысып, зейнеткерлікке осы мектептен шықты.



Сейілханова Ғалия Сағынбайқызы

Тыл ардагері, Май ауданы, Жалтыр ауылы №1 бөлімшесінде 25 маусым 1935 жылы дүниеге келген.

Мамандығы кітапханашы осы мамандық бойынша 40 жыл жұмыс жасаған, Күміс алқа иегері. 1953 жылы тұрмыс құрған, 6 баланың анасы 4 ұл, 2 қыз, 15 немере, 11 шөбересі бар. «Ұлы Отан Соғысы - 70 жылдығы қарсаңында» медальмен марапатталған.

Жолдасы: Сейілханов Қабыкен Сейілханұлы. Тарих пәнінің мұғалімі, осы мамандық бойынша 40 жыл жұмыс жасаған еңбек ардагері.



Ревенкова Лидия Никитична

1935 жылдың 13 наурызында Павлодар облысы Галкин ауданы Галкин ауылында дүниеге келген. 1942 жылы мектепке барады, каникул кезінде егістікте шөп шауып, колхоздың бүкіл жұмысына араласып көмектескен. Зейнеткерлікке шыққанға дейін байланыс бөлімінде жұмыс атқарған. Екі бала тәрбиелеп өсірген.



Зверев Василий Иванович

1935 жылдың 13 наурызында Павлодар облысы Галкин ауданы Чалдай ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Чалдай ауылында 1 сыныпқа барады, 7 сынып бітіреді. 1949 жылы Семей қаласындағы «Связи» училищесіне оқуға түседі. Училищені бітірген кейін монтер, жүргізуші болып жұмыс істеген. 1960 жылы отбасын құрады, балалары жоқ. Зейнеткерлікке шыққан.



Залешина Валентина Александровна

1926 жылдың 17 қаңтарында Киров облысы Кикинур ауданы Кикинур кеңшарында дүниеге келген. Соғыс жылдарында солдаттарға қолғап, носки тоқып ата-анасына көмек көрсеткен. Жас кезінен бастап колхозда жұмыс істеген. Бидай жинап картоп қазған. Жиналған азық-түліктің барлығын майданға жіберген.



Забелич Елена Ивановна

1933 жылдың 8 наурызында дүниеге келген. Ата-анамда үш бала болды. Үлкеніміз 5 жасқа келмеген, ал кішіміз 3 жасқа келген еді. Сіңілім Полина 2 жаста болы. Сауыншы болып жұмыс істедім. Таңертен сағат 4 тұрып 10 дейін жұмыс істегенбіз. Содан кейін клубта еден жуушы, қырманда еңбек еттім.

1972 жылдың 4 маусымында Қазақстанға көшіп келдік. Мектепке еден жуушы, кейіннен тігінші болып жұмысқа орналастым. Быткомбинатта 21 жыл жұмыс істедім. Ленин құрмет кітабына енген және «Ударник коммунистического труда» белгісі марапатталған. Грамота, медальдар иегері. 11 жыл донор болған. Қазіргі уақытта зейнеткер.



Дик Елена Андреевна

1933 жылдың 23 ақпанында Донецк облысы Констанстиновка ауданында дүниеге келген. 1943 жылға дейін анасымен және бауырларымен тұрған, әкесін соғыс басталысымен майданға алып кеткен. 1941 жылы мектепке барады, екі күн оқып тастап кетеді, өйткені соғыс басталады. Соғыс басталғаннан кейін, көп ұзамай бүкіл отбасы аштықтан қаза болады. Оны Қазақстанның Павлодар облысы Путь Ильича кеңшарына балалар үйіне беру үшін, көшірілген. Бірақ ол балалар үйіне жеткен жоқ, өйткені оны Әмірқали мен Күляштің отбасы тәрбиелеуге алады. Жаңа отбасында Елена Андреевна жаңа есімге ие болады, оны Майра деп атайды. Барлық құжаттары және фотосуреттері жанып кеткен немесе жоғалған.

1947 жылы Ермак қаласына көшіп келеді, қазіргі Ақсу қаласы. 1951 жылға дейін бір отбасның үйінде үй тазалаушысы болып жұмыс істейді. Исабаев Қалиға тұрмысқа шығады, Бозша ауылына көшіп келеді. 1955 жылға дейін жолдасымен бірге сол жерде тұрған. 1955 жылы Белогорье совхозына көшіп келген. Белогорье совхозында 8 жыл сауыншы болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан.



Ромашев Алексей Федорович

1930 жылы туған. 1941жылы әкесі майданда болған. 1943-1945 жылдары Ярославль қаласында заводтта жұмыс істеген. Жұмыс істеу ауыр болды. Соғыстан кейін оқу оқуға уақыт болған жоқ. Әскерге 26 жасымда бардым, әскери борышымды Грузияда өтедім. Әскерден кейін үйлендім. Біз жұбайымен бірге біраз уақыт Грузияда өмір сүрдік. Кейінен Қазақстанға тың жерлерді игеру үшін 1962 жылы Белогорье ауылына көшіп келдік. Жұбайым қайтыс болды өзім осы жерде тұрамын.



Отрок Александра Григорьевна

1935 жылы туған. Соғыстың бірінші күні есімде, мен 6 жаста едім. Біз бәріміз далада ойнап ұшақтардың ұшып жүргенін көрдік. «Орманға жүгіріндер!» - деді әкем. Біз орманға барып тығылдық. Бұл Молдовияда болған еді. Немістер біздің үйімізде тұрды. Құлағымыздан тартып, мазақтап, баларды қатарға тұрғызып орталарынан қабырға атты. Үйдің төбесінде, погребта тұрдық. Аулада 6 зениттік қару-жарақ тұрды, сонымен олар біздің солдаттарды атқылады. 1959 жылы Қазақстанға көшіп келдік. Менің атам 15 тіл білді.



Осмоловский Павел Мартынович

1934 жылы туған. 1962 жылы Белоруссиядан Қазақстанға Павлодар облысы Май ауданы Абай ауылына көшіп келдік. Әкем Савельев Мартын Фин соғысын, Ұлы Отан соғысынан өткен, бірақ үйге жетуге 100 шақырым қалғанда Проня өзенің маңында қаза тапқан. Могилев ауданында тұтқында болған. Менің әкем партизан отрядында болды. 1967 жылы Белогорье аулына көшіп келдік.



Мовчанюк Тамара Павловна

1936 жылы туған. Суық, аштықтың кезінде балалар колхозда жұмыс істеп, картоп жинаған. Ресейдің Пермь облысында тұрған. Қазір уақытта жалғыз тұрады.



Кабакова Любовь Федоровна

1935 жылы Краснояр өлкесінде дүниеге келген. Жастарды қатармен бір жерге алып кетті. Әкем 1941 жылы майданға кетті, балалар анасымен қалды. Содан кейін ашаршылық болды, барлық жерден тамақ іздедік. Шіріген картопы жедік, қоқыстарда жүрдік. Сол уақытта анам ауырып қайтыс болды. Біз жалғыз қалдық. Біз еңбек етіп масақ, картоп жинадық.



**Хайрутдинова
Гельзифа Зималетдинова**

1925 жылдың 11 желтоқсанында Татарстанның Дрожанов ауданы Жаңа Дрожанный ауылында дүниеге келген, сауатсыз. Екі жасында анасыз қалды, адамдардың, туыстардың қолында өседі. Соғысқа дейін кішігірім кезінен бастап колхозда, өрісте жылқылармен бірге жүк тасып жұмыс істеді. Соғысқа дейінгі ашаршылықты басынан өткізген. Соғыстың алғашқы жылдары қарттарды, жасөспірімдерді окоп қазуға жіберді, содан кейін оларды конвоймен Мордовияға апарып тізеге дейін келетін батапқты сумен шымтезек дайындатқызды. Содан кейін орман ағаштарын құлатуға Волгаға жіберді. Жасөспірімдер, қарттар орман ағаштарын кесіп арқамызға салып (сиырдың терісін арқамызға жаптық теріміз сыдырылып қалмау үшін) Волгаға қарай сүйретіп тасыдық. Соғыстан кейінгі жылдары жалдамалы құрылыс жұмыстарымен Өзбекстанға кеттім сонда тұрмысқа шықтым. 1958 жылы Қазақстанға кетіп қалдық Бесқарағайдың племхозына. Одан кейін Май совхозына көшіп келдік, осы жерде полигон жарылыстарын көрдік, бізді үйден Ертіс өзенінің жағалауына қуып шығатын. 1960 жылы Белогорь совхозына көшіп келдік, құрылыс алаңында жұмыс істедім. 1961 жылы жолдасым қайтыс болды, жалғыз 3 баланы тәрбиеледім.



Караковская Валентина Ефимовна

1932 жылы туған. Тыл еңбеккері.



Лужкина Мария Антоновна

**Астраханцев
Анатолий Васильевич**



1930 жылдың 19 қарашасында Четин облысының Анандзия ауылында дүниеге келген. 1930 жылы Бугачар ауылындағы шахтаға жұмысқа кетті. 1955 жылы сәуір айында Қазақстанға көшіп келеді Май ауданының Маленков (Жалтырь) атындағы колхозына. Дәнекерлеуші, тракторшы болып жұмыс істеді. Соғыс жылдарында Чита ауданында соғысқан. Тыл еңбеккері болды. 6 баланының әкесі.



Арықбаев Жидебай Кәкенұлы

1928 жылы 23 ақпанда Май ауданы Майтүбек ауылдық кеңесіне қарасты «Қызыл еңбек» ауылында дүниеге келді. Бастауыш мектепті Сарықамыс мектебінде оқып, Қазақстан орта мектебінде жалғастырады. 1947 жылы мектепті бітіріп, Семей педагогика институтына түсіп, 1951 жылы жолдамамен «Қазақстан» орта мектебіне мұғалім, артынан оқу ісінің меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1952 жылы аудандық оқу бөлімінің мектеп бойынша инспекторы, кейін Саты орталау мектебінің директоры. 1959 -1962 жылдары аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, үгіт – насихат бөлімінің меңгерушісі, Май селосындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары. 1964 -1985 жылдары Қаратерек және Малайсары орта мектебінде директорлық қызметте болып, 1988 жылы зейнеткерлікке шықты.

Қазақстан Республикасының оқу ісінің үздігі, 1986 жылы «Аға мұғалім» атағының иегері. 1970 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін», 1977 жылы «Халық ағарту ісінің үздік қызметкері», 1984 жылы «Еңбек ардагері» медальдарына ие болған. «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының 60 жылдығы», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы» медалімен марапатталған. 2001 жылы «Облыс алдындағы сіңірген еңбегі үшін» белгілерімен марапатталды.

Мұғалімдік қызметте жүріп қазақ тілі мен әдебиет пәнінің бастауыш және орта мектептерде оқытылуы жөнінде әдістемелік жинағын жазды. 2008 жылы «Төртеуіміз түгел болсақ», 2009 жылы «Ағасы бардың айтары бар» атты бабалар жайлы деректерден құралған екі кітабы жарық көрді. 2010 жылы «Өлеңімде - Өмірім» жырлар жинағы шықты.

Жидебай Кәкенұлы аудандық мәслихаттың шешімімен 2012 жылы Май ауданының «Құрметті азаматы» атағын алған.



Кенжебаева Макпуза

1923 жылы қазіргі Ақмола облысының Ақкөл ауданында дүниеге келген. 1946 жылы Сатыбалдин Шәріп ағамызбен отау құрып, жас отбасы Павлодар облысы Май ауданының Жалтыр ауылына қоныс аударады. Шәріп ағамыз екеуі 6 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсіреді. Колхозда мал бағып, жер жыртып, еңбекке араласты. Сонау зұлмат жылдарды көзімен көрген жандардың бірі.

Балалық шағы кешегі 1927-1932 жылдардағы ашаршылық, 1941-1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келді.

Ұзақ жылдар бойы Май аудандық ауруханасында тазалықшы болып еңбек етіп, 1979 жылы құрметті еңбек демалысына шықты. Еңбегі еленіп, «Еңбек ардагері», «Еңбектегі ерлігі үшін» орденімен және т.б. медальдармен марапатталды.



Мухаметкалиева Ермек Кажыбаевна

1936 жылы туған. Әкем Молдабаев Қажыбай 1905 жылы туған, 1941 жылы майданға аттанып, соғыстан аман-есен оралды. Біз балалар пеш жағып, кіші бауырларымызды қарап, анамызға тамақ табуға көмектестік. Өте қорқынышты және ауыр уақыт болды.



Өтебай Қабиден Темірболатұлы

Өтебай Қабиден Темірболатұлы 1935 жылы 1 қаңтарда дүниеге келген 3 жасында ата-анасынан жетім қалған. 1954 жылы Қызыл- Құрама совхозында әр түрлі жұмыс істеген, осы жылы әскер қатарына шақырылады Қырым Севастопольда үш жыл жүргізуші болып, әскери парызын өтейді. 1958 жылы 15 қаңтарда әскер қатарынан келген, сол жылы үйленген. Қызыл- Құрама совхозында тұрып шопан болып істеген. 1959 жылы жүргізуші болып істеген, сол жылы Чапаев совхозына көшіп келіп, әскери бөлімде жүргізуші болып істеген. 1959 жылы қазан айында, Жалтыр совхозына көшіп келіп 1963 жылы дейін жүргізуші болып істеген.

1968 жылдан 1975 жылға дейін осы савхозда малшы болып істеп 1990 жылы зейнеткерлікке полигонмен шыққан. Сталин орденімен наградталған. Он бала тәрбиелеген, үш немересі бар, қазіргі кезде Коктөбе ауылында тұрады



Кабдылова Фариза

Тыл еңбекері. Соғыстан кейін көп жылдар бойы ауыл шаруашылығында адал еңбегімен танылған. Кезінде шопан болған.